

**И**  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
ҚАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ЗАҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:  
ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ЖАҢАЛЫҒЫ»**

**атты ғылыми-әдістемелік семинар  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**21 қараша 2011  
II шығарылым**

**МАТЕРИАЛЫ**

**научно-методического семинара**

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ ТРАДИЦИИ И НОВАЦИИ»**

**21 ноября 2011 г.  
выпуск II**

Алматы  
«Қазақ университеті»

УДК 340:378  
ББК 67.0:74.58  
3-22

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми және қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының жанындағы Ғылыми-зерттеу орталығының шешімімен ұсынылған

Жауапты редакторлар:  
Д.Л.Байдельдинов, Р.Е.Джансараева

Редакция алқасы:  
Г.М.Атаханова, А.Д.Байсалов, М.Қ.Бисенова,  
Н.С.Жетібаев, Ш.Б.Маликова

«Заң білімін жетілдірудің өзекті мәселелері: дәстүрлері мен жаңалығы». атты ғылыми-әдістемелік семинар материалдары, 21 қараша 2011 ж. - II шығарылым,- Алматы: Қазақ университеті, 2011. - 58 б.

**ISBN 978-601-239-211-1**

Жинақта «Заң білімін жетілдірудің өзекті мәселелері:дәстүрлері мен жаңалығы» атты ғылыми-әдістемелік семинарға қатысушылардың баяндамалары берілген.

В сборник вошли материалы научно-методического семинара: «Актуальные проблемы совершенствования юридического образования: традиции и новации» проведенного кафедрой уголовного право, уголовного процесса и криминалистики Научно-исследовательским центром проблем борьбы с преступностью юридического факультета КазНУ им. Аль-Фараби 21 ноября 2011 г .Выпуск II

В материалах сборника отражены собственные видения авторов путей дальнейшего совершенствования юридического образования.

Сборник адресован преподавателям, докторантам, магистрантам. Студентам юридических вузов, широкой научной общественности.

ISBN 978-601-239-211-1

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2011

Отпечатано в ТОО «Издательство 1\_ЕМ».  
050022, г. Алматы, ул. Байтурсынова, 78а, тел./факс 292-03-05, 292-26-51.

**МАЗМҰНЫ**  
**СОДЕРЖАНИЕ**

<b>Абдрашев Р.М.</b> <i>Недостатки юридического образования, как один из факторов, обуславливающих неэффективность борьбы с коррупцией.....</i>	4
<b>Атаханова Г.М.</b> <i>Заңгерлерді оқытудың танымдық іс-әрекетін жетілдіру.....</i>	6
<b>Джансараева Р.Е.</b> <i>О некоторых проблемах совершенствования юридического образования.....</i>	8
<b>Джансараева Р.Е., Избасова А.Б.</b> <i>Қазақстан Республикасындағы заң білімін берудің жетілдірудің өзекті бағыттары.....</i>	14
<b>Алимкулов Е.Т.</b> <i>Құқықтық пәндерді оқытудағы инновациялық әдістер.....</i>	18
<b>Берсугурова Л. Ш. Баяндина М.О.</b> <i>Қылмыстық іс жүргізу бойынша оқу сабақтарын жүргізудің интерактивті әдістері.....</i>	20
<b>Бисенова М.Қ.</b> <i>Современные тенденции развития юридического образования.....</i>	24
<b>Бижанова А.Р.</b> <i>Кришинологияны оқытуда интерактивті технологияны қолдану жолдары.....</i>	25
<b>Жетібәев Н.С.</b> <i>Заңгерлерді дайындау барысында бітім беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолданудың ерекшеліктері.....</i>	28
<b>Жугралина Б.М.</b> <i>Применение проблемного метода обучения в учебном процессе.....</i>	30
<b>Даубасова С.Ш.</b> <i>Кредиттік технологиялық оқыту жүйесінде студенттің өзіндік жұмысын орындауды жүзеге асыру жолдары.....</i>	32
<b>Маликова Ш.Б.</b> <i>Заң білімін жетілдірудің қазіргі тенденциялары.....</i>	37
<b>Маликова Ш.Б.</b> <i>Заңбілімін жетілдірудің кейбір аспектілері.....</i>	38
<b>Нұрмағанбет Е.Т.</b> <i>Оқытудың озық технологиясын қолдану - бүгінгі күннің өзекті мәселесі.....</i>	40
<b>Тапалова Р.Б.</b> <i>Организация самостоятельной работы студентов по криминалистике в кредитной технологии.....</i>	46
<b>Темірболат Н.С.</b> <i>Криминалистикалық тактикадан сабақ өткізу кезінде интерактивті әдістерді қолдану мәселелері.....</i>	48
<b>Шопабаев Б.А.</b> <i>Психологический подход к проблемам профессионального юридического образования.....</i>	50

свойством переноса в другие ситуации (эффект развития творческого мышления); в третьих, решение проблемных задач выступает своеобразным тренажером в развитии интеллекта (развивающий эффект);

в-четвертых, подобного рода лекция повышает интерес к содержанию и усиливает профессиональную подготовку (эффект психологической подготовки к будущей деятельности).

*Даубасова С.Ш.  
Аға оқытушы*

## **КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ОРЫНДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Қазіргі жалпы білім беру жүйесін түбегейлі жаңарту, білім сапасын көтеру, тұңғыш ғылыми негізде қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы сапалы білім беруді қамтамасыз ету арқылы, адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды мақсат етеді.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың биылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» деген Халыққа Жолдауында жоғарғы оқу орындарындағы білім саласына ерекше көңіл бөліп отыр /1/. Соның бірі Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы білім беру жүйесін жана элеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеп, білім сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, элемдік білім беру кеңістігіне ену шарттарына сәйкес білім жүйесін жаңартуды талап етеді. Аталмыш бағдарламада жалпы білім беруде мониторингтік жүйені дамыту, білім сапасын бақылаудың және бағалаудың ұлттық моделін жетілдіруде манызы зор.

Елдегі білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі қандай болса, сол мемлекеттің экономикасының деңгейі де сондай болмақ. Қазақстан - қазіргі таңда өзінің дамуындағы жауапты кезеңге аяқ басып отырған мемлекет. Қазіргі таңда кредиттік оқыту технологиясы Қазақстанның жоғары білім жүйесіне ұлттық білім беру бағдарламаларын халықаралық мойындау, студенттер мен оқытушы-профессорлық құрамның

Үтқырлығын қамтамасыз ету мақсатында енгізілді. Кредиттік технологияның негізгі ерекше белгілері ретінде: білім алушылар үшін оқу жоспары пәндерін тандау кеңдігі; әр студенттің өз жеке оқу жоспарын қалыптастыру ісіне қатысуы; сынақ бірліктері - кредиттер жүйесін жүргізу; оқу үрдісінің баспа және электронды түрдегі қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілуі; студенттердің оқу пәндерін меңгеруін бағалауда балдық-рейтингтік жүйенің міндетті түрде қолданылуды және т.б. атап кеткеніміз жөн.

Оқыту жүйесіне сынықтық есептеу, яғни кредитті кіргізу ол Еуропадағы Болон процесін қабылдаумен байланысты, оның негізгі мақсаты білім беруді жетілдіру және оның ашықтық сипатына қол жеткізу. Студенттердің оқу процесіндегі өз бетімен жұмыс жасауына көп мүмкіндік беріледі. Кредиттік жүйе арқылы біз студенттердің оқу процесінің белгілі бір түрін орындау үшін аудиторияда және одан тыс өз бетімен жұмыс істеуінде қанша уақытыш жұмсайтындығын анықтаймыз. Оқу кредиті ол студенттердің белгілі бір пәнді оқу үшін жұмсайтын уақытының өлшемі. Осы кеткен еңбегінің мөлшерін ол дұрыс пайдалана алама, жоқпа негізгі мәселе осында. Кредиттік технологиялық оқыту жүйесі студенттерден үнемі өз бетімен жұмыс істеуді талап етеді. Ал оған студенттер даяр ма, ол үшін не істеу керек және қалай ұйымдастыру керек. Белгілі бір пәнді меңгеруде ол өз бетімен орындауға тиісті, өз бетімен игеруге тиісті білімді меңгере алама деген

ой бізді толғандырады. Себебі, студент өз бетімен жұмыс істеуге даяр болуы керек. Кредиттік өлшемнің негізін түсіне білу керек. Сондықтан да біздерде бірінші курсқа келіп түскен студенттерге осы кредиттік технологиялық оқу жүйесінің мәнін, оның негізгі ерекшелігі мен студенттің бұл жүйе арқылы білім атудағы жауапкершілігін бірінші орынға қоя отырып жан-жақты үйретуіміз керек. Ол үшін біз өзіміз қолданып жүрген кредиттік оқыту жүйесінің өткен тарихын жан-жақты білуге тиістіміз. Басқа елдерде қолданылып жүрген кредиттік технологиялық оқытудан біздегі кредиттік технологиялық оқыту жүйесінің артықшылығы қандай, қандай кемшіліктері бар соны жан-жақты ашып көрсетуге тиістіміз.

Әлемдегі көптеген мемлекеттерде әртүрлі кредиттік оқыту жүйелері бар, тіпті белгілі бір институттың өзіне ғана тән жеке-келеген түрі де бар. Жалпы алғанда ол оқыту жүйесін сипаттайды- белгілі бір мамандық алып шыққанға дейінгі оқу процесінің негізін көрсетеді. Болон келісімі бойынша білім берудегі ең тиімді ашықтық негізінде жүзеге асырылатын түр ретінде ECTS кредиттік жүйесін ұсынады, ол жалпы құжаттарда толығымен сипаттама беріле отырып жан-жақты талданған және де жалпыевропальщ кеңістікте қолдануда/2/.

Оқытушы студенттерге білім беру кезінде мемлекеттік білім беру стандарты және типтік бағдарлама талабына сай оқу-әдістемелік кешенді, оқу жұмыс бағдарламасын, жұмыс бағдарламасын құрастырады. Оқу-әдістемелік кешендер студенттердің мамандықтарына, мамандануына, оқылатын пәннің мазмұнына тікелей байланысты болады. Оқытушы мен студенттің іс-әрекеті оқу жұмысының әр түрін іске асыруға бағытталады.

Жоғары оқу орындарында оқу жұмысын ұйымдастыру нысындарына дәріс, семинар сабақ, зертханалық жұмыс, студенттің оқытушы қатысуымен өтетін өзіндік жұмысы жатады.

Оларды дәрісханалық, дәрісханадан тыс деп жіктейміз. Оқытушы қатысуымен жүргізілетін СӨЖ кредиттік жүйе жағдайында енгізілген оқыту нысаны ретінде сабақ кес-

тесіне қойылады. Сабақтың осы түрінде әрқилы белсенді әдістер қолданыла отырып, студенттердің өзіндік жұмыстары ұйымдастырылады.

Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында дәріс сабақтар барысында дәстүрлі емес жұмыс түрлері ұйымдастырылады. Бұл студенттердің өзіндік жұмысын күшейтіп, тиісті материалды жартылай ізденгіштік әдіспен меңгеруге бағыттайды. Студенттердің дәріс барысындағы оқу еңбегі де бағаланып тиісті ұпайы қойылады.

Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда арнайы құрылған белсенді оқу материалдарын қолдану олардың пәнді терең меңгеруіне мүмкіндік береді.

Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын орындаудың жеке траекториясы белгіленеді. Ол траекторияның жүзеге асуы блокты-рейтингті бақылау жүйесінің бағдарламалық қамтылуына, білімді бақылауға арналған тест тапсырмаларының жеткілікті мөлшерде жиынтығы болуына, электрондық оқытушы-тексеруші бағдарламалардың болуына және оқытушы тарапынан көмек пен бақылаудың ұйымдастырылуына тікелей байланысты.

Блокты-рейтингті оқыту жүйесі өзінің құрылымы, құралы сипаты жағынан объективті, нанымды жүйелі нәтижені өңдеу, диагностикалау, бағалауды қамтамасыз етеді. Рейтингтік жүйе-жинақтаушы типті бағалау жүйесі рейтингтік өлшеулерге негізделіп, студенттер үлгерімін, шығармашылық деңгейін анықтайды.

Болашақ заңгерлерді даярлауда қылмыстық құқық бағытындағы арнаулы курстарын оқыту кезіндегі студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдістемесі студенттердің танымдық-ойлау әрекетін белсендіріп, білім сапасын көтеріп, қылмыстық құқықтық тұрғыдан терең білім алуына мүмкіндік туғызады.

Студенттердің даралық, педагогикалық және психологиялық ерекшелігі мен белсенді оқыту әдістерін қолдаптанегізделген әдістемелік жүйе саналы биігім мея іскерлік, дағдыны қапыптастырып, алтыя

білімдерін іс жүзінде үлкен шеберлікпен өздігінен қолдана алуына жағдай жасайды.

Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті тұлғаларды қажет етеді. Білім беру жүйесінің даму деңгейі қоғамдық дамудың дәрежесі. Осы заманғы ақпараттық технологиясын игеру болашақ мамандарды даярлау ісінде міндетті кілт деуге болады. Инновациялық білім беру - тұлғаға бағытталу, білім берудің негізділігі, шығармашылық, кәсіби бағдар, ақпараттық технологияларды қолдану деген түсініктердің жиынтығы. Сондықтан оқытушыны студенттердің қандай қасиеттерін, сапаларын дамыту керек, қалайша өзін-өзі дамыта білуіне көмектесуге болады деген сұрақтар орын алуы қажет. Студенттердің ең алдымен, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өз білімін жетілдіру, өзін-өзі бақылау мен бағалауда қалыптастыру жету жолы болмақ.

СӨЖ тапсырмалары оқытушының қатысуынсыз және аудиториядан тыс орындалады. СӨЖ-дің негізгі міндеті семинарлық сабақтар мен дәрістерге дайындау. Семинарлық сабақтарда тақырыптың негізгі сұрақтары қарастырылады. Семинарлық сабақтың тақырыптық жоспары, негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі, семинарлық сабақ тақырыптарына қатысты әдістемелік кеңестер не және қалай істеу керек деген сұрақтарға жауап береді. Семинарлық сабақ тақырыптарына қатысты әдістемелік кеңестерді мұқият талдап, семинарлық сабақтың тақырыптық жоспарының сұрақтарына жауаптарды өздерің дайындандар. **Әрбір** сұрақты дайындау барысында қысқаша **әрі** сызба жүзінде негізгі ережелер мен жауап тезистерін дайындап, формулалар мен символдарды СӨЖ дәптеріне жазыңдар. Дайындалып болғаннан кейін өзін-өзі тексеріге арналған сұрақтар көмегімен өз білімдерінді тексеріңдер. Өздерің талдай алмаған сұрақтарды жазып алып, дәрісте немесе СӨЖО процесінде оқытушыға қойыңдар.

СӨЖ тапсырмалары дәріске дейін орындалу керек. Ал дәрісте дербес алынған білімдер тереңдетіліп, кеңейтілуі керек.

Алайда семинарлық сабақта қарастырылатын сұрақтар көлемі тақырыптың толық

мазмұнын қамтымайды. Сондықтан студент өз білімін одан әрі тереңдету мен кеңейту бойынша жұмыс жасауы қажет/3/.

СӨЖ нысандары. Оқытушы берген дәріс конспектілерін талдау; семинарлық сабаққа негізгі оқулық бойынша дәріс конспектісін дайындау; белгілі тақырып бойынша реферат дайындау; реферат, эссе, баяндамаларды өзара талқылау; курс терминдері бойынша сөздіктер мен сөзжұмбақтар құру; статистика мәліметтерін талдау; топтық жобаға қатысу; таңдалған тақырып бойынша презентация жасау; глоссарий жасау; тақырып бойынша шолу жасау.

Қазіргі таңда білім берудің жаһандандыру талаптардың бірі ретінде «Білім алудағы тұлғалық-бағдарлық бағыты Білім берудігі өзекті және проектілі әдістерді» ескере отырып, жоғарғы оқу орындарының профессор-оқытушы құрамы болашақ заңгерлерді даярлауда қосатын үлестері өте зор деп айтумызға болады себебі, білім беруді жүзеге асыруда өзекті мәселелерге арналған дәрістердің сандары артырып, студенттердің өзіндік жұмыстарын қабылдау нысанын да топтық жоба, жеке жоба және презентациялар басым орын алуға.

Жоғарыда атап кеткен нысандарға тоқталсақ: *Тақырып бойынша шолу жасау* - бұл дегеніміз басылым мен Интернеттің ақпарат ресурстарын тартумен ұхынлатын тақырып бойынша жазбаша 1-2 бет қысқаша шолу жазу дегенді білдіреді.

*Глоссарий* - қазақ және орыс тілдерінде, мүмкін болса шет тілдеріне аудару арқылы терминдер мен түсініктердің қысқаша түсіндірмесі; ол берілген тақырып бойынша орындалады.

*Реферат*, СӨЖ-дің неғұрлым кеңейтілген нысаны бола отырып, әдебиетке міндетті түрде шолу жасау арқылы белгілі тақырыпқа баяндама жасауды немесе ғылыми жұмыс, кітап мазмұнын баяндауды білдіреді. Нәтижесінде жұмысқа талдау жасау, пікір - талас жүргізу дағдысына ие болады.

*Өзін - өзі бақылауға арналған сұрақтар*, тәртіп бойынша, ерекше құрылымға ие, сондықтан жауаптар жиналған материалды талдау негізінде ғана берілуі керек.

*Эссе* - бұл сын мен публицистиканың

түрлі жанрларында өзекті әлеуметтік - экономикалық мәселелерге деген өз ойларын білдіру, баяндау.

*Дэріс конспекінілеріне талдау жасау, өткен материалды қайталау* бағдарламалық материалды игеруге, теориялық білімдерді нығайтуға мүмкіндік береді.

*Презентация* - тыңдаушы өзінің презентациясы үшін кез - келген тақырыпты таңдап, презентацияда қарастырылатын кез - келген аспектіні түсінуін не түсінбеуін білдіре алады; презентация тақырыптың неғұрлым ашылғаны және сырт көздерден қаншалықты қызығушылық тудырғаны, сондай - ақ тыңдаушының қарастырылып отырған мәселені қаншалықты кәсіби деңгейде қарастыруы тұрғысынан бағаланады.

*Іскерлік ойындар* тыңдаушыда болашақ кәсіби іс - әрекеті үшін қажетті дағдыны өңдеуге көмектеседі; кейбір ойындар бойынша үйде дайындалып немесе кітапхана мен өндірісте аяқтау қажет.

Топтық жоба (мысалы, кейстік жағдайды құру немесе шешу бойынша) - топта 3-5 адамнан артық болмауы керек, әрбір топ өз жобасын өңдеуі керек.

*Жеке жоба* - неғұрлым дайындалған тыңдаушылар өз қалауы бойынша орындайды; жұмыс тақырыптың эмбебаптылығымен, зерттеушілік сипатымен ерекшеленуі керек; жоба нәтижелері ғылыми конференцияда ұсынылуы мүмкін.

Жобалар мен жұмыстарды орындау барысында кафедраларда тапсырмалармен бірге берілетін әдістемелік нұсқауларды басшылыққа алу керек.

Осы ұсынылған СӨЖ нысандарын бағалау барысында рейтингтік жүйе-жинақтаушы типті бағалау жүйесі рейтингтік өлшеулерге негізделіп, студенттер үлгерімін артыруға өзіндік үлес қосуда маңызы зор, мұнда ерекше айтып кететін мәселе әр бір оқытушы студенттің жасаған жұмысын ескере отырып, 3-7 балл арасында баға қою арқылы студенттерің оқуға деген қызығушылығын артыруда.

Тапсырманы орындау тәртібі: **тапсырманы орындауға өзіндік жұмыс графигімен бекітілген мерзімнен кеш кіріспеу керек;** егер тапсырманы орындау **барысында қи-**

ындықтар туындаса, онда курстың сәйкес тақырыбына оралып, толықтырып, тапсырманы орындауға қайта кірісу керек; осыдан кейін де қиындықтар болса, онда оқытушыға қосымша сабақтарға келу керек; алынған шешімге талдау жасау, тапсырманы қорғауға дайындала отырып, теорияның сәйкес ережелерін тексеріп, кейбір мәліметтердің өзгеруі жағдайындағы шешімді ойластыру; тапсырманы орындау барысында қолданылған әдісті түсінгенге көз жеткізу; тапсырма графикпен бекітілген мерзімнен кеш қорғалмауы керек, өйткені ол академиялық берешек болып саналады.

Өзіндік жұмысқа берілетін уақыт айтарлықтай шектелген болғандықтан, өзіндік жұмысты тиімді жоспарлауға үйреніп өзіндік жұмыс дағдыларын меңгеруге ұмтылып, тәжірибе алып, тиімді түрде жұмыс істеп және жұмысқа қабілеттілігін сақтау үшін саналы түрде демалу керек. Сондықтан әрбір оқытушы мен кафедраның мүшелері өзіндік жұмыс әдістемесіне үйрету жауапкершілігі артады.

Жоғары оқу орындарындағы студенттердің өздік жұмысы (СӨЖ) барлық оқу бағдарламасының басым бөлігін құрағандықтан, оның тиімді болуы маманның кәсіби бағыттышығының талаптарына сай жасалған өздік жұмысты ұйымдастыру үлгісінің дұрыс құрылуына байланысты болады. Алайда студентке қойылатын **негізгі** талаптар төмендегідей жіктелініп көрсетіледі/4/: Студенттің шығармашылық потенциалын белсендіру: студент оқу тапсырмасын **өз** бетінше орындау барысында ғылыми әдебиетгермен, әдістемелерді талдаумен танысу және шығармашылық технологиясын меңгеуді жүзеге асырады. Өз бетінше білім алу және өзіндік дамуға ынтасын тәрбиелеу: шығармашылық белсенділігін қабілетін белсендіру, кәсіби даярлық қасиетін жоғарылату, кәсіби тапсырмаларды шешу барысында шығармашылық бағытын дамыту, жалпы және жеке дара зерттеу әдіс-тәсілдерін меңгеру т.б. Оқу іс-әрекетке деген мотивациясын жоғарылату: білім беру процесінде тұлғаның позициясын белсендіру, субъективті жаңа білімдердің негізін қатынасы, яғни білімді өз бетінше алу функция-

**сы**, нақты студент үшін жана және тұлғалық маңыздылығы. Танымдық белсенділікті дамыту: өз бетінше ойлауға талпынысы, қандай да бір тапсырманы немесе мәселені шешуде өзіндік бағытты табу, өз бетінше білім алуға тырысуы, пікірлерді сыни тұрғыдан қалыптастыру, оқу процесіндегі оқу-танымдық процесс белсенділігінде студенттердің оқыту әдісінің белсенділігі жанама қызығушылығымен басымдылық **танытып**, жүзеге асады.

Студенттердің өздік жұмысының процесін шығармашылық процеске айналдыру мақсатында студентті қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету. Оқу **орынның** кітапханаларында қажетті оқу әдебиеттерінің қорының, электрондық оқу құралдары мен электронды оқыту бағдарламасының және қазіргі таңдағы мықты **ақпарат** көздерінің бірі - интернеттің болуы. Оқу процесінің компьютерленуі студенттің өздігінен білім алуына және ақпарат көздерімен жұмыс жасауына, өзіндік бақылау жасауына, уақытын үнемді пайдалануына жағдай туғызады. Сондықтан өздік жұмысты тиімді қолдануда мазмұнды динамикалық түрде өзгертуге және соңғы ғылыми жаңалықтармен жаңартуға болатын, әрі қолданысқа икемді электронды оқулықтардың **маңызы** зор.

Студент пен оқытушы арасындағы қатынасты студент белсенділігімен оның өз бетімен білім алуға ұмтылуы бағытына өзгерту жұмыстарын ұйымдастыру, сондай-ақ соған сәйкес студенттің өздік жұмысын ұйымдастырудың тиімді әдістерін, формаларын, түрлерін, құралдарын дұрыс **таңдау** және қолдану студенттің өздік жұмыс нәтижесіне ықпал жасайды. Студенттердің өздік жұмысының тиімділігін және оны орындауға студенттің ынтасын арттыруда дидактикалық құралдары мен жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы зор. Әр өздік жұмыстың мақсаты айқын, түсінікті, оның көлемі мен мазмұны оқу мақсатына сай, студентті орындауға ынталандыратындай жасалып, оны орындауға студенттің жағдайы мен мүмкіндігі

болуы тиіс. Студенттің өздік жұмысының тапсырмалары алған білімді жаңа жағдайда қолдануды, жаңадан өздігінен білім алуы қажет ететіндей, студенттің танымдық қабілеттерін арттыратындай болуы қажет.

Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыруға, яғни оқу нысаны (күндізгі, сырттай-қашықтықтан оқыту), білім деңгейіне, оқу курсына, мамандыққа, пәнге, орындалу орнына байланысты ерекшеліктерді ескеру қажет.

Студенттің өздік жұмыс мәселелерін шешуде білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ашуға, ой қабілеттерін дамытуға жағдайлар жасау. Мұның өзі студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру үлгісін жүзеге асырумен тікелей байланысты. Нәтижесінде өздігінен жұмыс жасау, өз бетінше білім алу, өз кәсіби әрекетінде ғылыми ізденіс жасау іскерлігі мен дағдысы, аналитикалық ойлауы қалыптасқан, өз әрекетін басқара алатын, өз жұмысының нәтижесінде өзіндік бақылау жасайтын студенттің шығармашылық тұлғасы қалыптасады. Оның нәтижесі жоғарғы оқу орындары арасында өтетін студенттік-ғылыми конференцияларда жарияланады.

Олай болатын болса, ғылыми негіздегі ұйымдастырылған студенттердің өздік жұмысы мен студенттердің оқу-танымдық әрекеттерін басқару жұмысы олардың саналы белсенділігін, жоғары оқу-кәсіби мотивациясын, оқу процесінің сапасын қамтамасыз етеді.

## ӘДЕБИЕТ

1. Н.Э.Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Халыққа Жолдауы. 2011 ж.
2. ECTS users guide. - Brussels, February 2005 // Internet: The Site of the European University Association (EUA): [http://europa.eu.int/comm/education/programmes/socrates/ects/guide\\_en.pdf](http://europa.eu.int/comm/education/programmes/socrates/ects/guide_en.pdf)
3. Кириллова Г.И Теория и практика урока в условиях развивающего обучения М., 1980
4. Ж. Әбиев, С. Бабаев, А. Күдиярова. Педагогика. Дарын - Алматы-2004